

Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі.....	4
Басқарма төрағасының үндеуі.....	6
2017 жылдың басты оқиғалары.....	8
2017 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері.....	9
1. Қоғам туралы ақпарат.....	10
2. Даму стратегиясы.....	12
3. Қоғамның өнімдері мен қызметтері.....	12
4. Қызмет нәтижелері динамикасына шолу.....	15
5. Негізгі қызмет түрлері бойынша нарықтық үлесі.....	17
6. Өнімді сату/Қызметтер секторы.....	20
7. Алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы жалпы ақпарат.....	24
8. Корпоративтік басқару.....	25
9. Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп.....	32
10. Басқарма қызметі туралы есеп.....	36
11. Басқарма және директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесі.....	36
12. Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және ішкі аудит.....	37
13. Кадр саясаты.....	40
14. Жылдық қаржылық есептілік.....	42



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында белгілеген елдің дамуының стратегиялық бағдары басым салаларда бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуға иек арта отырып,

экономиканы әртараптандыруға және ауқымды индустрияландыруға бағытталған.

Бүгінгі күні қазақстандық өнімдер әлемнің 123 еліне экспортталады.

Шикізаттық емес экспорт көлемінің одан әрі өсуін қамтамасыз ету үшін

Үкімет қазақстандық экспорттаушыларды қолдаудың институционалдық негіздерін жетілдіруге бағытталған міндеттерді кешенді шешуді көздейді.

Осыған байланысты маңызды қадам әлемнің үздік практикаларына сәйкес экспортты дамыту институтын құру болды. 2017 жылғы ақпанда «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ болып қайта құрылды және 2017 жылғы наурызда Үкімет қаулысымен Ұлттық компаниялар тізбесіне енгізілді.

ҚР-ның 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық экспорттық стратегиясы бекітілді, оның мақсаты шикізаттық емес экспорттың көлемін 2022 жылға қарай 1,5 есе, 1 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің өткізу нарықтарын және экспортын әртараптандыру болып табылады.

ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы өзектендірілді, оның шеңберінде ұлттық экспортты дамытуға, соның ішінде толық экспорттық-кредиттік агенттікті құруға назар аударылды.

2017 жылы Қазақстан тауарлар экспорты бойынша әлемде 51-ші орын алды.

Экспорт көбінесе шикізат өнімдерінен, сондай-ақ қайта өңделуі төмен шикізаттық емес тауарлардан тұрады. Сонымен қатар, соңғы 10 жылдың ішінде қызметтер, көлік, туристік, құрылыс және машина жасау қызметтерінің экспорты екі еседей өсіп, 2017 жылы \$6,4 млрд. жетті.

Экспорт географиясын кеңейтудің орнықты үрдісі байқалады.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2016 жылмен салыстырғанда 25%-ға, \$77,6 млрд. дейін ұлғайып, экспорт 32%-ға өсті және \$48,3 млрд. құрады. Сонымен қатар металлургия және мұнай өңдеу өнеркәсіптерінің тауарларын сату басым болатын Қазақстан экспортының жалпы көлемінде өңдеуші өнеркәсіп экспортының үлесі соңғы төрт жылдың ішінде 23%-дан 32%-ға дейін ұлғайды.

2017 жылы KazakhExport 40-тан астам қазақстандық экспорттаушы кәсіпорындарға қолдау көрсетті. 200-ден астам сақтандыру шарттары жасалып, олардың

шеңберінде 550 млн. АҚШ долларынан астам сомаға экспорттық келісімшарттарға қолдау көрсетілді. Тамақ, химия, металлургия өнеркәсіптері мен машина жасаудың қазақстандық өнімдерін Әзірбайжан, Белоруссия, Германия, Чехия, Грузия, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан секілді елдерге 1 859 экспорттық жөнелтімдері сақтандырылды.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-на жүктелген міндеттерді ескере отырып, Қоғамның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясы өзектендірілді, KazakhExport 13,9 млрд. теңге сомаға капиталдандырылды, шикізаттық емес экспортты қолдаудың жаңа құралдары енгізілді.

«Moody's Investors Service» агенттігінен Қоғамның қаржылық сенімділік рейтингі «Ваа3» деңгейінде расталды, қаржылық сенімділік рейтингі бойынша болжам «жағымсыздан» «тұрақтыға» дейін жақсартылды. «Moody's» рейтинг агенттігі Компанияның рейтингін бірнеше жыл бойы Қазақстан Республикасының егемен рейтингі деңгейінде растап келе жатқанын атап өту маңызды.

KazakhExport қатарына әлемнің ірі экспорттық-кредиттік агенттіктері кіретін «Берн одағының Прага клубы» және «Aman Union» секілді халықаралық қауымдастықтардың толық мүшесі болып табылады. Қоғамның Ресей Федерациясында, Өзбекстанда, Тәжікстанда және басқа мемлекеттерде кең тараған әріптестік желісі бар.

Жоспарланған және ендіріп қойылған жүйелік және операциялық шаралар «KazakhExport» Ұлттық компаниясының жұмыс тиімділігін көтеруге және 2018 жылы сақтандыру міндеттемелерінің қабылдануын 2017 жылдың деңгейінен 3 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары
Е. А. Досаев



Басқарма төрағасының үндеуі

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

Назарларыңызға «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 2017 жылғы қызмет нәтижелері бойынша жылдық есебін ұсынамыз. Бұл жыл біз үшін ерекше болды, біз атауымызды өзгертіп, Ұлттық компания мәртебесін алып қана қоймай, өз

мақсаттарымыз бен міндеттерімізді қайта қарадық, экономиканың өңдеуші секторының кәсіпорындарына қарай бет бұрдық.

Биылғы жылы біз шикізаттық емес экспортты қолдаудың заманауи және өзекті қаржы құралдарын дамытуға күш

жұмылдырдық, осының арқасында бүгін KazakhExport іске асырудың негізгі қорларды қалыптастырудан бастап, өткізу нарықтарын іздеуге және ірі экспорттық мәмілелерді құрылымдауға дейінгі барлық кезеңдерінде экспорттық келісім-шарттарды қолдауға қабілетті.

Бүгінгі күні Қазақстанның барлық өңірлеріндегі біздің серіктестеріміз шағын және орта бизнестің өкілдері, сондай-ақ өндіріс алыптары – «Рахат» АҚ, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Орал трансформатор зауыты» ЖШС, «Hyundai Trans Auto» ЖШС, «RG Brands Kazakhstan» ЖШС, «Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС, «Raimbek Bottlers» ЖШС, «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасы, «Агропродукт» ТК және басқалар болып табылады.

2017 жылы біз отандық қызметті экспорттаушыларды қолдау жөніндегі құралдар кешенін әзірледік және алғашқы жобаны іске асырдық. KazakhExport қызметінің бұл бағыты Қазақстанның тәуелсіздік жылдары ішінде инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік объектілердің инжинирингі мен құрылысы бойынша жинаған мол тәжірибесі бар отандық кәсіпорындар үшін көп мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Ұлттық даму институттарымен, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарымен және екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастықты кеңейту қазақстандық экспорттаушыларға жан-жақты, барынша қолжетімді және айқын қолдау көрсету мақсатына қол жеткізуге жасалған қадам болып табылады.

2017 жылы біз «Еуразия даму банкі» және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ секілді жаңа серіктестермен алғашқы мәмілелерді іске асырдық. Біздің құралдардың көмегімен даму институттарының арзан және ұзақ мерзімді кредит ресурстарына қол жеткізу оңайлап, отандық экспорттаушылардың дамуының жаңа жолдарын аша аламыз деп үміттенемін.

2018 жылы біз KazakhExport-ты институционалдық дамыту, экспорттаушыларға қолдау көлемін және біздің құралдардың көмегімен экспортын ұлғайтқан кәсіпорындар санын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырамыз!

KazakhExport-тың барлық клиенттері мен серіктестеріне нәтижелі және өзара тиімді ынтымақтастығы үшін алғыс білдіремін.

Басқарма төрағасы
Р. В. Искаков

2017 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОЛДАУ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА 13,9 МЛРД. ТЕҢГЕ СОМАСЫНА КАПИТАЛДАНДЫРУ

«ҚАЗЭКСПОРТГАРАНТ» ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ-ЫН «КАЗАКНЕХПОРТ» ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ РЕТІНДЕ ҚАЙТА ҚҰРЫП, ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР ТІЗБЕСІНЕ ЕНГІЗУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКСПОРТ СТРАТЕГИЯСЫНА СӘЙКЕС 2014-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КАЗАКНЕХПОРТ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ӨЗЕКТІ ЕТУ

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭКСПОРТТАУДЫ ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫН ПИЛОТТЫҚ ЖОБА РЕТІНДЕ ІСКЕ ҚОСУ

ӨНДЕЛГЕН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭКСПОРТТАУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ АЯСЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЕУРАЗИЯ ДАМУ БАНКІМЕН ҚАРЫЗДЫ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЮ, ОНЫҢ АЯСЫНДА КАЗАКНЕХПОРТ ӨТІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ

ІРІ РЕСЕЙЛІК БАНКТЕРДІҢ («СБЕРБАНК РОССИИ» ААҚ, «АБСОЛЮТБАНК» АҚБ, «АК БАРС БАНК» КАҚ, «РАЙФФАЙЗЕНБАНК» АҚ, «АЛЬФА БАНК» АҚ) ҚАТЫСУЫМЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АУМАҒЫНА ЭКСПОРТТЫ ЫНТАЛАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН РЕСЕЙ РУБЛІНДЕГІ ЭКСПОРТТЫҚ САУДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫН ІСКЕ ҚОСУ. БҰЛ ҚҰРАЛДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕРГЕ ФЕРРОСИЛИКОМАРГАНЕЦТІ, АС ТҰЗЫН, АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ, КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АУМАҒЫНА ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЕРІКТЕС-БАНКТЕР ЖЕЛІЛЕРІН КЕҢЕЙТУ

КАЗАКНЕХПОРТ ПАЙДАСЫНА «ТОДЖИКСОДИРОТБАНК» ААҚ-НАН ОРЫНДАЛМАҒАН АККРЕДИТИВТЕР БОЙЫНША 3,5 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ ӨТЕУ

MOODY'S «ВАА3» ҚАРЖЫЛЫҚ СЕНІМДІЛІК РЕЙТИНГІ БОЙЫНША «ЖАҒЫМСЫЗДАН» «ТҰРАҚТЫ» БОЛЖАМҒА ЖАҚСАРУЫ

2017 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2017 жыл
Қоғамның бірінші кезектегі міндеттері	
ROE, (%)	5,69
ROA (%)	6,26
Қаржылық сенімділік рейтингі	ағымдағыдан төмен емес (Baa3)
Негізгі қызметтен түсетін табыстар (мың тг.)	2 047 955
Қарыз / Меншікті капитал	0,09
ЖІӨ активтер көлемі, (%)	0,09
Еңбек өнімділігі (мың.тг.)	52 512
Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі (%)	83
Стратегиялық бағыт 1: Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандырып қолдаудың дамуы	
Қабылданған міндеттемелер көлемі, млн. тг.	40 087
Сақтандыру шарттары бойынша сыйлықақылар көлемі (млн.тг.)	1 060
Шикізаттық емес экспорт бойынша өтеудің үлесі (%)	3,9
Ұсынылған сауда қаржыландыруының көлемін арттыру (млн.тг.)	2 454
Ұсынылған экспорталды қаржыландыруының көлемі (млн.тг.)	4803
Стратегиялық бағыт 2: Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметіне қаржылық емес қолдау көрсету	
Консультациялық қызметтер көрсетілген экспортқа бағдарланған кәсіпорындардың үлесі (%)	10,2
Стратегиялық бағыт 3: Қайта сақтандыру	
Қайта сақтандырудың нетто-сыйлықақыларын жинау көлемі, млн.тг.	281,8


1. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы – (бұдан әрі – Қоғам) сақтандыру құралдарын іске асыру арқылы экспорттық операцияларды қорғайтын, қазақстандық экспортты қолдауға құрылған ұлттық даму институты. Қоғам шикізаттық емес сектордағы экспорттаушы кәсіпорындардың сыртқы экономикалық келісімшарттарын іске асыруды көздейтін коммерциялық және саяси тәуекелдерді сақтандыру бойынша қызметтерін ұсынады.

МИССИЯСЫ

Шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экономиканың басым секторларындағы экспортының өсімін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық-сақтандыру және қаржылай емес қолдау тәжірибесін қалыптастыру.

ҚОҒАМНЫҢ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ



ҚОҒАМНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

- 2003** Қоғамның құрылуы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің №442 Қаулысы)
- 2004** Берн одағының Прага клубына – ең ірі халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктердің қауымдастығына кіруі, (37 агенттік, 34 ел және 3 трансұлттық ұйым)
- 2004** «Moody's Investors Service» рейтингілік агенттігінен халықаралық қаржылық тұрақтылық рейтингісінің берілуі
- 2005-**
осы
уақытқа
дейін
- Сақтандыру нарығында пропорционалды және пропорционалды емес негізде қайта сақтандыру компаниясы ретінде әрекет ету
- 2010** Экспорттық сауданы қаржыландыру бойынша операцияларға қолдау көрсету мақсатында жарғылық капиталды ұлғайту
- 2012** Қазақстан тарихында алғаш рет Қоғамның қаржылық-сақтандырып қолдауының аясында отандық локомотивтер Тәжікстан Республикасына экспортталды
- 2013** «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамына енуі (Жалғыз акционер)
- 2014** Aman Union қатарына кіру – Ислам мемлекеттері мен араб әлемінің ең ірі экспорттық-кредиттік агенттіктерінің қауымдастығы
- 2015** 1934 жылы құрылып, экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының ресми емес бірлестігі болып табылатын Берн одағының байқаушысы мәртебесінің берілуі
- 2015** Қазақстан тарихында алғаш рет Қоғамның қатысуымен лизингтік қаржыландыру сызбасы бойынша Әзірбайжан Республикасына 10 отандық локомотивтерді жеткізу жөніндегі халықаралық деңгейдегі алғашқы экспорттық мәміле жасалды
- 2016** Сақтандыру арқылы қолдау көрсету құралдарының түрлерін кеңейту: қарызды ерікті сақтандыру, аванстық төлемді сақтандыру, ұлттық валюта мен ресей рублінде тауарлық қаржыландыру, сондай-ақ қаржылық лизингті сақтандыру
- 2016** Қоғамды 14 млрд. теңге сомасына капиталдандыру, қаржы қаражаты экспорталды және экспорттық сауда қаржыландыру құралдарын іске асыру арқылы экспорттаушыларға қолдау шараларын көрсетуге арналған
- 2016** «Қазақстанның даму банкі» АҚ-мен бірлескен кредиттік мәмілелер іске асырылып, оның аясында Қоғам қарызды сақтандыру өнімі арқылы сақтандырып қорғау қызметін ұсынды. Ұсынылған қаржыландырудың жалпы сомасы 7,2 млрд. теңгені құрады және ол химия өнеркәсібі өнімін экспорттауды дамытуға бағытталды (аммиак селитрасы, азоттық тыңайтқыштар және натрий цианиді). Бұл мәмілелер бойынша тәуекелдердің бір бөлігі қайта сақтандыру үшін Қазақстанның сақтандыру нарығындағы кәсіби қатысушыларына берілді, бұл жеке меншік сақтандыру компанияларының капиталын қолдау құралдарына тартуға мүмкіндік берді
- 2016** Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сақтандырудың «Қарыздарды сақтандыру», «АҚЖ сақтандыру» қосымша кластары бойынша лицензиялары алынды, сондай-ақ ережелер әзірленіп, экспортты қолдаудың жаңа құралдары енгізілді, олардың қатарында қарызды ерікті сақтандыру, аванстық төлемді сақтандыру, экспорталды сақтандыру, лизингті сақтандыру бар



2. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

КЕЛЕШЕККЕ КӨЗҚАРАС

Қоғамның 2023 жылға көзқарасы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы экономикалық саясатын Орталық Азия өңірінде және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде іске асырудағы маңызды даму институтына айналуы.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Мақсаты 2022 жылға қарай шикізаттық емес экспорт көлемін 1,5 есеге арттыру үшін жағдай жасау болып табылатын Қазақстан Республикасының 2018-2020 жылдарға арналған Ұлттық экспорттық стратегиясына сәйкес, Қоғамның алдына экспортты қолдау көлемін арттыру бойынша өр мақсаттар қойылды. Қазақстандық экспортты ұлғайту және әртараптандыру мақсатында Қоғамды институционалдық нығайту, соның ішінде одан әрі капиталдандыру, мемлекеттік кепілдік алу және адами капиталды дамыту бағытқа алынды.



3. ҚОҒАМНЫҢ ӨНІМДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Қоғам экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып әзірленген, сондай-ақ ықтимал және іс басындағы клиенттердің қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін ұлттық экспортты қолдаудың сақтандыру құралдарын ұсынады.

- Экспорттаушыларға арналған өнімдер;
- Қаржылық институттарға арналған өнімдер;
- Инвесторларға арналған өнімдер.

№	Өнім атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтетін тәуекелдер
Экспорттаушыларға арналған өнімдер			
1	Экспорттаушының кредитін сақтандыру	Экспорттаушыны төлемнің мерзімін ұзарту шартымен өзінің тауарын/жұмысын/қызметін экспорттауды іске асыру барысында шетелдік контрагенттің қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелдерінен сақтау	Коммерциялық және саяси
2	Экспорталды қаржыландыру	Экспорттаушыны экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа бағдарланған жұмыстар/қызметтерді орындау мақсатында айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландыру	Коммерциялық және саяси



3	Аванстарды сақтандыру	Шетел контрагенттерінен экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа бағдарланған жұмыстар/қызметтерді орындау мақсатында айналым қаражатын толықтыруға қажетті аванстық төлемдер түріндегі баламалы қаржыландыруды алу	Коммерциялық және саяси
4	Экспорттаушылардың облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Экспорттаушылардың дефолт тәуекелінен экспорттық келісімшарттарды орындау мақсатында шығарған облигацияларды ұстаушыларды қорғау	Коммерциялық және саяси
Банктер мен факторингтік компанияларға арналған өнімдер			
5	Құжаттамалық аккредитивті сақтандыру	Экспорттаушы банкін (растаушы банк) қазақстандық тауарларды сатып алушылардың тапсырмасы бойынша экспорттаушының пайдасына құжаттамалық аккредитив ашқан эмитент банктің қаржылық міндеттемелерін орындау тәуекелдерінен қорғау	Коммерциялық және саяси
6	Экспорттық сауданы қаржыландыру	Қазақстандық тауарларды импорттаушыларды қаржыландыру сырттай екінші деңгей банктері арқылы аккредитивті есеп айырысу нысаны аясында ұсынылады.	Коммерциялық және саяси
7	Қарызды сақтандыру	Тиісті кепілдік қамсыздандырылудың болмауы және/немесе кредитордың келісімшарт бойынша тәуекелдерді толық көлемде өз мойнына алуға дайын болмауы жағдайында экспортты дамыту үшін қарыз капиталына қол жеткізу мүмкіндігі	Коммерциялық және саяси
8	Қаржылық лизингті сақтандыру	Тиісті кепілдік қамсыздандырылудың болмауы және/немесе лизинг берушінің келісімшарт бойынша тәуекелдерді толық көлемде өз мойнына алуға дайын болмауы жағдайында құрал-жабдықтарды сатып алу үшін лизингтік өнімдерге қолжетімділікті алу. Қазақстандық машина жасаушылар өнімдерінің халықаралық лизингі.	Коммерциялық және саяси
9	Банктік төлем кепілдігін сақтандыру	Өнім халықаралық тендерлердің қатысушыларына шетел қаржы институттары тарапынан растау шартысыз Қазақстан Республикасының екінші деңгей банктері шығарған банк кепілдіктерін ұсынуға мүмкіндік береді.	Коммерциялық және саяси
10	Банк кепілдігін сақтандыру	Шетелдік банктің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелдерінен қаржы институттарын қорғау	Коммерциялық және саяси
11	Экспорттаушының мерзімді валюталық мәміле бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Өнім экспорттаушылардың валюталық тәуекелдерін хеджирлеуге бағытталған	Коммерциялық және саяси
12	Халықаралық факторингті сақтандыру	Қаржы ұйымдарын факторингтік операциялар бойынша қазақстандық тауарларды сатып алушылардың келісімшарт бойынша міндеттерін орындамау тәуекелдерінен қорғау арқылы сақтандыру	Коммерциялық және саяси
Инвесторларға арналған өнімдер			
13	Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды сақтандыру	Қазақстандық инвесторды инвестиция салған елдегі саяси тәуекелдер салдарынан болатын шығын тәуекелінен сақтандыру	Саяси




4. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ДИНАМИКАСЫНА ШОЛУ

Қоғамның активтері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 46 164 млн. теңгені құрады. 2017 жылы 13,9 млрд. теңге сомасына капиталдандыру есебінен ұлғайтылды.

Міндеттемелер, капитал және активтердің 2015-2017 жылдардағы динамикасы:


(млн. теңге)



Қоғамның 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалыптасқан өз капиталы 42 188 млн. теңгені құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша міндеттемелер 3 975 млн. теңгені құрады.

Кірістер мен шығыстардың 2015-2017 жылдардағы динамикасы:

(млн. теңге)



2017 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық кірісі 6 213 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

- 1) сақтандыру сыйлықақылары – 1 060 млн. теңге;
- 2) қайта сақтандырудан түскен кірістер – 846 млн. теңге;
- 3) шартталған салымдар бойынша кірістер – 141 млн. теңге.

4) қаржы құралдары бойынша кірістер – 2 849 млн. теңге, оның ішінде:

- банк салымдары бойынша сыйақылар – 2 234 млн. теңге;
- РЕПО операциялары бойынша кірістер – 91 млн. теңге;
- бағалы қағаздар бойынша кірістер – 524 млн. теңге;

5) Бағамдағы айырма оң мәнінде 65 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты.

6) Өтелген сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 1 251 млн. теңгені құрады.

2017 жыл бойынша жиынтық шығыстар КТС қосқанда 4 081 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

1) Негізгі қызмет бойынша шығыстар – 2 725 млн. теңге. 2017 жылғы сақтандыру, қайта сақтандыру және шағымдарды реттеу бойынша жалпы сомасы 1 375 млн. теңгені құрады, оның ішінде «Тоджиксодиротбанк» ААҚ орындалмаған міндеттері бойынша 1 244 млн. теңге төленді. Қайта сақтандыру мен комиссияларға берілген сыйлықақылардың

сомасы 572 млн. теңгені құрады. Резервтегі таза сомасы 775 млн.теңгені құрады.

2) Әкімшілік шығыстардың жалпы сомасы – 891 млн. теңге.


3) Қаржыландырудан болған шығыстар – 33 млн. теңге.

4) КТС сомасы 432 млн. теңгені құрады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтиже 2 131 млн. теңгені құрады.

Активтер табыстылығының (ROA) және капитал табыстылығының (ROE) көрсеткіші 5,69% және 6,26% құрады.

2015-2017 жылдардағы ПӘК қаржылық динамикасы:



Қоғамның активтері

2017 ЖЫЛҒЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша



46 164 млн. тг. құрады

Қоғамның меншікті капиталы



2017 ЖЫЛҒЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша

42 188 млн. тг. құрады

Ұлғайту

2017 ЖЫЛЫ



13 900 млн. тг.

сомаға капиталдандыру есебінен жүзеге асты

2017 ЖЫЛ

қорытындысы бойынша міндеттемелер



3 975 млн. тг. құрады



5. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСІ

САҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін іске асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар заңды тұлғалар сақтандыру қызметін жүзеге асырады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру нарығының құрылымы 32 компаниямен өкілдік етіледі¹.

Қазақстан Республикасының 2015-2018 жылдардағы сақтандыру нарығының құрылымы:

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.01.2015 ж.	01.01.2016 ж.	01.01.2017 ж.	01.01.2018 ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны (қайта сақтандыру)	34	33	32	32
<i>Оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша</i>	7	7	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	15	15	15	15
Актуарийлердің саны	71	61	59	58
«Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» АҚ қатысушылары болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	30	30	22	22
Қазақстан Республикасы резиденттері емес-сақтандыру ұйымдары өкілдіктерінің саны	3	3	3	3

Бұл ретте, көптеген сақтандыру ұйымдарының «Жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандырудың дерлік барлық жіктелімдері бойынша лицензиялары бар екеніне қарамастан, шетелге кредиттер мен инвестициялардың төленбеу тәуекелдерінен сақтандырылмайды. Бұл функцияларды Қазақстанда тек Қоғам ғана жүзеге асырады.

Қоғамның қызметі елдің шикізаттық емес экспортын сақтандыру арқылы қолдау құралдарының көмегімен дамытуға бағытталған. Қоғамның қызметіне әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш экономиканың өңдеу саласының өнімін экспортта болып табылады.

Қазақстандық экспорттың құрылымы Қазақстан негізінен шикізаттық тауарларды экспорттайтынын дәлелдейді. 2017 жылы ұлттық экспорттың жалпы көлемі ең алдымен қарастырылып отырған кезеңде энергия ресурстарына бағаның құлдырауымен байланысты, өйткені қазақстандық экспорттың басым бөлігін мұнай жеткізілімі құрайды.

2017 жылы барлық экспорт құрылымында шикізаттық экспорттың үлесі 36%² құрады (2016 жылы – 35%), сәйкесінше шикізаттық көлем 64% құрады (2016 жылы – 65%). 2016 жылмен салыстырғанда шикізаттық емес экспорттың үлесі 2017 жылы 1% өсті, бірақ шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемі құны жағынан 20% өсті.

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің «Сақтандыру секторының ағымдағы жағдайы» атты есебінің деректері бойынша
²«Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ деректері бойынша

2014-2017 жылдардағы сыртқы сауда айналымы мен шикізаттық емес экспорт көлемінің динамикасы:

(млрд. АҚШ доллары)



2014 жылдан бастап экспорттың жалпы төмендеуіне қарамастан, 2017 жылы экспорт көлемінің оң динамикасы, сондай-ақ Қоғамның негізгі қызметін

кезең-кезеңімен белсендіру есебінен сақтандыру өтемі көлемінің өскені байқалады.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

2015-2017 жылдар кезеңі аралығында Қоғам үшін қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі) резиденттерге қайта сақтандыруға берілетін қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына байланысты бағаланады.

Бұл ретте, Қоғам сақтандырудың жоғары шығынды жіктелімдері, мысалы «автомобиль көлігін сақтандыру», «аннуитеттік сақтандыру», «медициналық сақтандыру» және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың кейбір түрлері бойынша тәуекелдерді қайта сақтандыруға алмайды.





2015-2017 жылдардағы қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі):

(млн. теңгемен)

Көрсеткіштер	Кезеңдер		
	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі	288 272	356 903	370 173
Сақтандыруға берілді, барлығы	89 883	131 580	129 736
(%)	31,18%	36,87%	35,05%
<i>Оның ішінде резиденттерге қайта сақтандыруға берілді</i>	14 614	18 327	20 668
(%)	5,07%	5,14%	5,58%
Қоғамның нетто қайта сақтандыру сыйлықақылары бойынша жинау	492	297	281
Резиденттерге берілген сыйлықақы нарығынан Қоғамның % үлесі	3,37%	1,62%	1,36%

Қоғам негізгі қызметке назар аударады және қайта сақтандырудағы бизнес көлемін жалпы нарыққа ұлғайтуды жоспарлап отырған жоқ.

6. ӨНІМДІ САТУ/ ҚЫЗМЕТТЕР СЕКТОРЫ

САҚТАНДЫРУ

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін 42 отандық экспорттаушыға қолдау көрсетті және жалпы сомасы 40,1

млрд. теңгеге сақтандыру міндеттемелері бойынша 203 сақтандыру шартына қол қойды (2016 жылы 32 экспорттаушыға қолдау көрсетіліп, 126 сақтандыру шартына қол қойылды).

2014-2017 жылдары түскен өтініштер, жасалған сақтандыру шарттары мен экспорттаушылар санының динамикасы:

(дана)

◆ Өтініштер саны ◆ Шарттар саны ◆ Экспорттаушы-өндірушілер саны



Түскен өтініштерден бас тартудың негізгі себептеріне мына факторлар әсер етті:

- Контрагентті сәйкестендірудің мүмкін болмауы;
- Қаржылық есептіліктің болмауы, жүйеленбеген тәуекелдер;
- Қаржылық есептіліктің қанағаттанарлықсыз көрсеткіштері;
- Контрагенттің жаңадан пайда болуы;
- Тіркелген сот талап арыздары және т.б.

2017 жылы қолданыстағы құралдарды өзекті ету жұмысы жүргізілді, сондай-ақ сақтандырудың үш жаңа құралы іске қосылды:

- Экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Экспорттаушының мерзімді валюталық мәміле бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Халықаралық факторингті сақтандыру.

Экспортты қолдаудың жаңа құралдарының арқасында, сондай-ақ отандық экспорттаушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттан-

дыру мақсатында мәміле жасаудың барлық кезеңдерінде келесі мүмкіндіктер пайда болды:

- қазақстандық экспорттаушылардың қажетті кепілзатының болмауы жағдайында да несиелеу мен лизингке қолжетімді болуы, сондай-ақ экспорттық өнімді өндіру немесе Қоғамнан қолжетімді қаржыландыру есебінен экспорталды сатып алу үшін шетелдік сатып алушылардан аванстық төлемдерді тарту;
- сервистік компаниялар (қызметтерді экспорттаушылар) Қоғамның сақтандыру өтеміне ашылған кепілдіктермен халықаралық тендерлерге қатысу мүмкіндіктеріне ие;
- қазақстандық тауарларды шетелдік сатып алушылар Қоғамнан берілетін қолжетімді экспорттық қаржыландыру есебінен қажетті тауарлар көлемін сатып алу мүмкіндігіне ие.

ЭКСПОРТТАУШЫНЫҢ КРЕДИТІН САҚТАНДЫРУ

«Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы 2009 жылдан бері сақтандыруды пайдаланып келеді. KazakhExport-тың қолдауымен өз өнімдерінің үштен бірін Ресей Федерациясына, Германияға, Әзірбайжанға экспорттайды. 40-тан астам ресейлік компаниялар шарт жасасып, қазақстандық кәмпиттерді Калининградтан Владивостокқа дейін сатумен айналысуда. Барлығы 55 экспорттық келісімшарт жасалды, компанияның экспорттық түсімі 2017 жылғы жалпы түсім көлемінің 40 %-ына жетті.

АККРЕДИТИВТІ САҚТАНДЫРУ

«Сарыарқаавтопром» ЖШС KazakhExport-тың қолдауының арқасында Тәжікстанға 1000 дана JAC автомобилін жеткізу үшін келісімшарт жасасты. Жобаның жалпы құны 10,5 млн. АҚШ долларын құрайды. 2017 жылғы қазан айында Қазақстанда

шығарылған алғашқы 55 автомобиль партиясы Душанбе қ. таксопаркіне жіберілді. Автомобильдерді одан әрі жөнелту импорттаушының қажеттіліктеріне қарай келісімшарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін жүзеге асырылатын болады.

ҚАРЫЗДАРДЫ САҚТАНДЫРУ

KazakhExport-тың сақтандыру өтемі «RG Brands Kazakhstan» ЖШС-ның кепілдік қамтамасыз етілуінің жетіспеушілігі проблемасын шешті. Компанияның Еуразиялық даму банкінен сақтандырып қорғаумен алған қарыз капиталы кәсіпорынға айналым қаржының арттыруға және экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осы жоба аясында Ресей Федерациясына, Қырғызстанға, Түрікменстанға, Тәжікстанға жыл сайынғы экспортты 10 млрд. теңгеден астам сомаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Қарызды ерікті сақтандыру құралының арқасында 9 экспортқа бағдарланған кәсіпорынға қолдау көрсетілді, оның ішінде, «Молпродукт» ЖШС (сүт өнімдері), «АқОрда Capital» ЖШС (азық-түлік өнімдері), «RG Brands Kazakhstan» ЖШС (сусындар), «Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС (целлюлоза), «Баян Сұлу» АҚ (кондитер өнімдері), «Kaz-Ir Agro (Каз-Ир Агро)» ЖШС (сафлора майы), «ПК «АГФ групп» ЖШС (тоқыма), «Integra Construction KZ» ЖШС (авто және т/ж жолдарының құрылысы).


БАНКТІК ТӨЛЕМ КЕПІЛДІГІН САҚТАНДЫРУ

2017 жылы KazakhExport «Integra Construction KZ» ЖШС-ын (бұрынғы – «Жол жөндеуші» ЖШС) шығарылған банк кепілдігінің пайдасына сақтандырып қорғауды ұсыну арқылы қолдап, бұл қазақстандық компанияның Грузия аумағында іске асырып жатқан жобалары бойынша жалпы сомасы 46,5 млн. еуроға теміржол және автомобиль жолдарын салу бойынша қызметтерді экспорттауға ықпал етті.




Есеп беріліп отырған кезең ішінде сақтандыру сыйлықақылары жалпы сомасы 1 060 млн. теңгеге есептелді.

2014-2017 жылдары есептелген сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы



2017 жылы қаржылық-сақтандыру арқылы қолдау көрсетілген экспорттаушылар туралы деректер: (ҚР өңірлері және өнеркәсіп салалары бойынша):



- Химиялық өнеркәсіп
- Тамақ өнеркәсібі
- Машина жасау
- Металлургия
- Ауыл шаруашылығы
- Жеңіл өнеркәсіп
- Құрылыс

Қолдау көрсетілген экспорт құрылымында сапалы өзгерістер жасалды. Бұрын қолдау көрсетілген экспорттаушылардың көп бөлігін трейдингілік компаниялар құраған болатын, әдеттегідей ауыл шаруашылық шикізатын экспорттаушылар, 2017 жылы

қолдау көрген барлық экспорттаушылар, сәйкесінше экспорттық келісімшарттар өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету секторына жатады.

2017 жылы Қоғам еншілес ұйым «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен («Қазақстан даму банкі» АҚ) қарызды

сақтандыру бойынша бірлескен мәмілелер жасасты, оның аясында экспорттаушылар («ҚазАзот» ЖШС және «Talas Investment Company» ЖШС, «Мол-продукт» ЖШС, «Баян Сұлу» АҚ) жалпы сомасы 12,8 млрд. теңгеге экспорталды қаржыландыруға қол жеткізді, бұл жалпы сомасы 16,3 млрд. теңгеге химия өнімдерін (аммиак селитрасы және азот тыңайтқыштары, сондай-ақ натрий цианиді) жеткізуге арналған экспорттық мәмілелерді қолдауға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, қайта сақтандыру шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі сақтандыру нарығында 2,8 млрд. теңге сомасына тәуекелдер қайта сақтандырылды.

Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ИИДМБ) аясында 2016 жылғы 27 қазанда Қоғамның капиталы 14 млрд. теңгеге ұлғайды. Қоғамның капиталдандырылуы экспорттаушыларға экспорталды және экспорттық сауданы қаржыландыру құралдары арқылы қолдау шараларын көрсетуге бағытталған.

Бұл құралдар көмегімен қаржыландыру Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде жанама түрде шартты салымды орналастыру арқылы жасалады.

ЭКСПОРТАЛДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ИИДМБ аясында 2017 жылы ұсынылған экспорталды қаржыландырудың көлемі 4 803 млн. теңгені құрады, бұл ретте жалпы және ауыр машина жасау, тамақ (кондитер өнімдері, тұз, сусындар), ауылшаруашылық және химия өнеркәсібінің экспорттық

өнімдерін жеткізуге арналған экспорттық мәмілелерге қолдау көрсетілді.

2017 жылы экспорталды қаржыландыру өнімі бойынша KazakhExport «Alageum Electric» АҚ компаниялар тобына (Кентау трансформатор зауыты және Орал трансформатор зауыты) қолдау көрсетті. Топ жалпы сомасы 1,5 млрд.теңгеге қаржыландыру алды. 2,5 млрд.теңгеден артық сомаға трансформаторларды экспорттық жеткізулер сақтандырылды, соның арқасында өнім көлемі ұлғайып, сәйкесінше, өнімді ТМД елдеріне, Ресей Федерациясына, Тәжікстанға, Қырғызстанға экспорттау да арта түсті.

САУДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2017 жылғы ұсынылған сауданы қаржыландыру көлемі 2 454 млн. теңгені құрады. Серіктес банктердің қатысуымен («Еуразиялық банк» АҚ, «Жинақ банкі» ЕБ АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ) машина жасау (аккумуляторлар), тамақ (кондитер өнімдері, тұз) және химия өнеркәсібінің экспорттық өнімдерін жеткізуге арналған экспорттық мәмілелерге қолдау көрсетілді.

Қазақстандағы жетекші аккумулятор өндіруші болып табылатын «Қайнар АКБ» ЖШС KazakhExport-тың сауданы қаржыландыруын тарта отырып, өз өнімін Ресей Федерациясына экспорттайды. 2017 жылы осы қолдаумен экспорттың жалпы құны 1 млрд.теңгеден асты.

2017 жылғы 18 наурызда Қоғамның қаржылық тұрақтылығын сақтау және экспорттық мәмілелер бойынша қаржылық-сақтандыру арқылы қолдау сыйымдылығын арттыру үшін Қоғам 13,9 млрд. теңгеге капиталдандырылды. Қаржы толық көлемде игерілді.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

2017 жылы қайта сақтандырудың кірісі бойынша есептелген брутто-сыйлықақылардың жалпы сомасы 845 млн. теңгеге 382 шарт және қайта

сақтандырудың шығысы бойынша есептелген сыйлықақылардың жалпы сомасы 572 млн. теңгеге 24 шарт жасалды.

2015-2017 жылдардағы қайта сақтандыру қызметі бойынша мәліметтер:

(млн. теңге)


Көрсеткіштер	Кезең		
	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Брутто кіріс қайта сақтандыру сыйлықақысы	575	474	845
Жасалған төлемдер	170	77	63,70
Өтеу есебімен төлемдер деңгейі, (%)	29,62	16,24	7,54

Қайта сақтандыру бойынша жүргізілген салмақты саясаттың, қайта сақтандыру тәуекелдерінің

сапалы андеррайтингісі арқасында төлем деңгейі нарықтағы орташа төлем деңгейінен 20% төмен.

2015-2017 жылдары жиналған сыйлықақылар мен қайта сақтандыру төлемдерінің динамикасы

(млн. теңге)



7. АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Шикізаттық емес экспортты қаржылық қолдауды дамытудың келесі кезеңінде Қоғам алдында тұрған негізгі сын-қатердің бірі экспорттық операцияларды қолдау көлемінің артуы, шетел нарығына шығуды жоспарлап отырған қолдау көрсетілген экспорттаушылардың және кәсіпкерлік субъектілерінің саны болады деп болжам жасалып отыр.

Алдағы жылы экспорттаушы кәсіпорындар, қазақстандық және халықаралық қаржы институттары және әлемнің экспорттық-кредиттік агенттіктері тарапынан Қоғамға сенімі мен оның сенімділік деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар жоспарланып отыр.

Жоспарланып отырған шаралар аясында:

- Қоғамның міндеттері бойынша мемлекеттік кепілдік немесе кепілгерлік енгізу;
- Қоғамның жарғылық қаржысын одан әрі ұлғайту;
- Ұлттық экспортты қолдаудың жаңа құралдарын енгізу;
- Экспортты бір терезе принципі бойынша дамыту мәселесінде барынша тиімді қолдау көрсету үшін бірқатар нормативтік актілерге өзгерістер енгізу;
- Шетелдік өкілдіктер желісін дамыту;





8. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қоғам корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және капиталды тартуға шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Қоғам корпоративтік басқарудың қажетті жүйесін Қазақстан Республикасында заң үстемдігін қамтамасыз етуге қосатын үлесі және Қоғамның заманауи экономика мен жалпы оның қоғамдағы орнын анықтайтын факторы ретінде қарастырады.

Қоғамның корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қабылданды, ол Қоғамның өз ішінде және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынаста тиімділік, транспаренттік, есептілік, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі барысында қолданатын қағидалар мен ұсыныстар жиынтығы болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Қоғамды корпоративтік басқару әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсіпқойлыққа және құзіреттілікке негізделіп құрылады.

Өз қызметінде Қоғам өзінің корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіре және дамыта отырып, тиісті корпоративтік басқарудың стандарттарын сақтауға тырысады.

Қоғамдағы корпоративтік басқару мынадай негізгі принциптермен құрылады:

- * Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;
- * Директорлар кеңесінің Қоғамды тиімді басқару принципі;
- Басқарманың Қоғамды тиімді басқару принципі;
- * Қоғамның дербес қызметі принципі;
- * Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі принципі;
- * заңдылық пен этика принципі;
- * тиімді дивидендтік саясат принципі;
- * тиімді кадрлық саясат принципі;
- * қоршаған ортаны қорғау принципі;
- * корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын әділ реттеу принципі;
- * жауапкершілік принципі.

Қоғамның Кодексті орындауын бақылау Қоғамның Директорлар кеңесіне жүктеледі. Корпоративтік хатшы мониторинг жүргізіп, Директорлар

кеңесі мен Қоғам Басқармасына Кодексті тиісті деңгейде сақтау мәселесі бойынша консультация береді, сондай-ақ жыл сайын оның принциптері мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды. Кейінірек бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитетінің қарауына шығарылып, Директорлар кеңесімен бекітіледі.

2017 жылдың желтоқсан айында Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында Қоғамның 2017 жылы Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтауы туралы есебі қарастырылып бекітілді.

Қоғам Кодексте жазылған корпоративтік басқару принциптері мен ережелерін сақтайды, 2017 жылы Кодекстің принциптері мен ережелерін сақтамау жағдайлары болған жоқ.

Корпоративтік басқару принциптерін сақтау мақсатында Қоғамда Қоғам органдарының жұмысын реттейтін ішкі нормативтік құжаттар, Іскерлік этика кодексі, Корпоративтік қақтығыстарды және Қоғамның мүдделер қақтығыстарын реттеу саясаты және корпоративтік басқарудың негізгі принциптері мен жүйесін сақтауға шақыратын басқа да ішкі құжаттар әрекет етеді. Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде әзірлеп отырады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру аясында 2017 жылдың 9 қаңтары мен 10 ақпаны аралығында Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару диагностикасы бойынша аудиторлық тексеру жүргізді. Жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкестік нәтижесі 80,1%-ды құрады, ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жалпы балы – 77,78% және тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесі – 67,67%.

Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жүргізген аудиторлық тексеруінің қорытындысы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Қоғамның 2017-2018 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді (2017 жылғы 24 сәуірдегі №3 хаттама).



АКЦИОНЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың

құқықтары мен мүдделеріне құрметпен қарауды көздейді және Қоғамның табысты қызметіне жәрдемдеседі.

Корпоративтік басқару құрылымы Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті айқын түрде ажыратуды көздейді, Қоғам органдарының құзыреті Қоғам органдары туралы тиісті ішкі құжаттарымен бекітілген.

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын есепке ала отырып жасалған және оның құрамына Қоғамның төмендегі органдары кіреді:

– Қоғамның ең жоғары органы Жалғыз акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады;

– Қоғамды басқару органы – Директорлар кеңесі болып табылады, ол Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін іске асырады, сондай-ақ Қоғам қызметіне жалпы басқаруды жүзеге асырады және өз құзыреті шеңберінде Қоғам Басқармасының қызметіне бақылау жүргізеді;

– Қоғамның атқарушы органы – Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма болып табылады. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне жетекшілік етеді.

Жоғарғы орган: Жалғыз акционер	Басқарушы орган: Директорлар кеңесі	Атқарушы орган: Басқарма
<p>Жалғыз акционер Қоғамның жоғарғы органы болып табылады, оған қатысушы орган Қоғамды басқару бойынша құқығын іске асырады. Акционердің құқықтары мен міндеттері, құзыреті, және басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен белгіленген.</p>	<p>Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды қамтамасыз ететін және Басқарма қызметін бақылайтын басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында өз қызметінің толық айқындылығын, сондай-ақ Кодекстің барлық қағидаларын енгізуді қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарлығына, Кодекске, Директорлар кеңесі ережесіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес іске асырады. Бұл ретте, Директорлар кеңесі мына сұрақтарға баса назар аударады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері); 2) Даму стратегиясында және/немесе даму жоспарында белгіленетін ПӘК қою және мониторинг жасау; 3) Тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылау және ішкі аудиттің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау; 4) Директорлар кеңесінің құзыреті аясында ірі инвестициялық жобалар мен басқа да маңызды стратегиялық жобаларды тиімді жүзеге асыруды бекіту және мониторингілеу; 5) Басқарма төрағасынан басқа мүшелерін сайлауға (қайта сайлауға), сыйақы беруге, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма қызметіне бақылау жасау; 6) корпоративтік басқару; 7) Қоғамда осы Кодекстің қағидаларын және Қоғамның іскерлік этика саласындағы (іскерлік этика Кодексі) корпоративтік стандарттарын сақтау. 	<p>Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күн сайынғы қызметін басқаруды іске асырады, даму стратегиясының және/немесе даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдерінің іске асырылуына жауапты.</p>

Корпоративтік басқару жүйесін тиімді жүзеге асыру мақсатында Қоғамда Директорлар кеңесіне есеп беретін, корпоративті құрылымдар аясында жұмысты тікелей үйлестіретін, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы арасында тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ететін Корпоративтік хатшы жұмыс істейді.

Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі әрекет ету арқылы Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат ұсыну үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылды (жұмыс істейді), ол Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынысты және есепті болып табылады. Ішкі аудит қызметінің жұмысына Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

Қоғамда комплаенс жүйесі жұмыс істейді, оның мақсаты – комплаенс-тәуекелдерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету. Атап айтқанда, мынадай тәуекелдер:

- Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, сондай-ақ Қоғамның ішкі ережелері мен процедураларын сақтамауы салдарынан болған шығындар тәуекелі;
- ықпал етудің шектеулі шараларын және уәкілетті органның санкцияларын қолдану, едәуір шығындар немесе Қоғамның сақтандыру қызметін

реттеу бөлігіндегі Қазақстан Республикасы заңнамаларын сақтамауы нәтижесінде беделін жоғалту тәуекелі;

- мүдделер қақтығысының салдарынан немесе қызметкерлер әрекетінің ішкі және сыртқы нормативтік құжаттарға сәйкес келмеуінен болған пайданы жоғалту тәуекелі.

Іскерлік этика принциптерін сақтау және Қоғамның Корпоративтік этика кодексінің ережелерін бұзу жөніндегі дауларды оңтайлы реттеу комплаенс-бақылаушыға жүктеледі.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі заңнамасы мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын жүзеге асыру мақсатында Қоғамда Омбудсмен институты енгізілді.


Омбудсменнің міндеттеріне Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен басқа да өтініштерін, мәліметтерін жинау, олардың қаралуын қамтамасыз ету, сондай-ақ іскерлік этиканы қолдану, мүдделер қақтығысын реттеу бойынша орын алатын дауларды қарауды ұйымдастыру жатады.

Қоғамның барлық қызметкерлері, клиенттері, серіктестері мен басқа да мүдделі тұлғалар Омбудсменге жүгінуге құқылы.



ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ





ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2017 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына төмендегі тұлғалар енді:



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы

ЕРБОЛАТ АСҚАРБЕКҰЛЫ ДОСАЕВ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары (Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні – 2016 жылғы 1 маусым, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні – 2016 жылғы 12 шілде)

Директорлар кеңесінің мүшесі



ЛӘЗЗАТ ЕРКЕНҚЫЗЫ ИБРАГИМОВА

Қазіргі кезде «Қазақстанның тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма төрайымы лауазымында (Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні – 2017 жылғы 8 ақпан)

Директорлар кеңесінің мүшесі



АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ АРИФХАНОВ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы (Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2017 жылғы 8 ақпан)

Директорлар кеңесінің мүшесі



РУСЛАН ВИКТОРОВИЧ ИСКАКОВ

«KazakhExport» ЭБК» АҚ Басқарма төрағасы (Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 1 маусым)

Директорлар кеңесінің мүшесі

**ДАМИР СЕРІКБАЙҰЛЫ СҮЙЕНТАЕВ**

(Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 1 маусым)

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

**АЙТКУЛ БАЙҒАЗЫҚЫЗЫ САМАҚОВА**

(Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 13 қыркүйек)

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

**ЯРОСЛАВ ГРИГОРЬЕВИЧ ДИЛЬДЯЕВ**

(Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2017 жылғы 13 қыркүйек)

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

БАСҚАРМА

Қоғамды Басқарма төрағасы басқарады. Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның Басқарма төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін, Қоғам Басқармасы төрағасынан басқа оның мүшелерін сайлауды, сондай-ақ Қоғам Басқармасы төрағасынан басқаларының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес 2017 жылы Қоғам Басқармасы төмендегі тұлғалардан тұрды:

РУСЛАН ВИКТОРОВИЧ ИСКАКОВ – 2016 жылғы 15 ақпаннан бастап осы күнге дейін Басқарма төрағасы;

ЕРДАН ЕРЛАНҰЛЫ БЕКХОЖИН – 2014 жылғы 2 қазаннан бастап осы күнге дейін Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі;

РАУАН ӨМІРБЕКҰЛЫ ЖАҚСЫБАЕВ – 2016 жылғы 12 шілдеден бастап осы күнге дейін Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі;

ҚУАТ ТӨЛЕГЕНҰЛЫ ЖОЛДЫБЕКОВ – 2016 жылғы 17 қазаннан бастап осы күнге дейін Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі.


9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережесіне сәйкес тоқсан сайын және жыл сайын Директорлар кеңесі қызметінің есепті кезеңге арналған есебі жа-

салып, Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылып, бекітіледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРЫ

2017 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді (9- бетпе-бет жүздесу түрінде, 1 - сырттай), Қоғамның Директорлар кеңесінің құзырына жататын 102 сұрақ қаралды.



2017 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысып, оның жұмысында белсенділік танытты.

Тегі, аты-жөні	Бетпе-бет жүздесу түрінде	Сырттай түрде
Ерболат Асқарбекұлы Досаев	8*/9**	1*/1**
Руслан Викторович Искаков	9*/9**	1*/1**
Дамир Серікбайұлы Сүйентаев	9*/9**	1*/1**
Айткүл Байғазықызы Самақова	9*/9**	1*/1**
Айдар Әбдіразақұлы Арифханов	9*/9**	1*/1**
Ярослав Григорьевич Дильдяев	2*/2**	0*/0**

*Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны.

** Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін отырыстардың жалпы саны.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына оның мүшелерінің есепті кезең ішінде қатысуы (пайыздық мәнде) 100% құрайды, Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қатысуы - 90%.

Директорлар кеңесінің қабылдаған едәуір маңызды шешімдері:

- 1) Қаржылық тұрақтылықты сақтау және ұсынылатын қолдаудың көлемін арттыру үшін 13,9 млрд. теңге сомасына капиталдандыру іске асырылды;
- 2) Еуразиялық даму банкімен алғашқы бірлескен мәміле жасалды;
- 3) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді;
- 4) Қоғамды дамытудың 2014-2023 жылдарға арналған жаңа редакциядағы стратегиясы бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультативтік-кеңесшіл органдар жұмыс істейді:

- 1) Аудит жөніндегі комитет;
- 2) Кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
- 3) Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.

Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жіберілетін ұсыныстар болып табылады.

№	Директорлар кеңесі комитетінің атауы	Функциялары
1	Аудит жөніндегі комитет	Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығына) тиімді бақылау жүйесін орнату, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жасау, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудит тәуелсіздігін бақылау және Директорлар кеңесіне қажетті ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы бойынша ұсыныстар әзірлеу.
2	Кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	Директорлар кеңесіне мотивация, кадр және әлеуметтік саясатқа қатысты жан-жақты әрі негізделген ұсыныстар жасау, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған осындай шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру.
3	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басым (даму) бағыттары, стратегиялық мақсаттары (даму стратегиясы) туралы, Қоғамның орта және ұзақмерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесетін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелері бойынша ұсыныстар даярлау.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ:

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы төмендегідей қалыптасты:

№	Аудит жөніндегі комитет	Тегі, аты-жөні	Лауазымы
1	Комитет төрағасы	Д.С. Сүйентаев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	А.Ә. Арифханов	Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	А.Б. Самақова	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Я.Г. Дильдяев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	А.Е. Жапарова	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерін басқару департаментінің жоба жетекшісі

№	Кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	Тегі, аты-жөні	Лауазымы
1	Комитет мүшесі	А.Б. Самақова	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет төрағасы	Я.Г. Дильдяев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
3	Комитет мүшесі	А.Ә. Арифханов	Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі
4	Комитет мүшесі	Д.С. Сүйентаев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	М.М. Мамаков	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерін басқару департаментінің жоба жетекшісі

№	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	Тегі, аты-жөні	Лауазымы
1	Комитет төрағасы	Я.Г. Дильдяев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	А.Ә. Арифханов	Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	А.Б. Самақова	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Д.С. Сүйентаев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	М.М. Мамеков	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерін басқару департаментінің жоба жетекшісі


Есеп беріліп отырған кезеңде Директорлар кеңесінің Комитеттері бетпе-бет жүздесу түрінде өткен отырыстарда 84 мәселені қарастырды, оның ішінде:

1) Аудит жөніндегі комитет – 43 сұрақ (51,19%), оның ішінде 24 жоспардан тыс сұрақ, 19 – жоспарлы сұрақ;

2) Кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет – 27 сұрақ (32,14%), оның ішінде 19 – жоспардан тыс сұрақ, 8 – жоспарлы сұрақ;

3) Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 14 сұрақ (16,66%), оның ішінде 6 – жоспардан тыс сұрақ, 8 – жоспарлы сұрақ.

Есеп беріліп отырған кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысуы:



Комитет төрағасының/мүшесінің тегі, аты-жөні	Бетпе-бет жүздесу түрінде	Сырттай
А.Б. Самақова	22*/22**	0*/0**
Д.С. Сүйентаев	22*/22**	0*/0**
А.Ә. Арифханов	16*/22**	0*/0**
Я.Г. Дильдяев	3*/3**	0*/0**

*Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстарының жалпы саны.

** Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін отырыстарының жалпы саны.

Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарына қатысу есеп беріліп отырған кезең ішінде пайыздық мән-де мынадай болды:

- Қоғамның Директорлар кеңесі Комитетінің мүшесі А.Ә. Арифханов – 73%;
- Қоғамның Директорлар кеңесі Комитетінің басқа төрағалары, мүшелері – 100%.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау ережесіне сәйкес Директорлар кеңесі, комитеттері және мүшелері жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 маусымына дейін бағаланады.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жөніндегі шешімді (бұдан әрі – ДК бағалау) Директорлар кеңесі қабылдайды.

ДК бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамды дамытудың стратегиялық міндеттеріне қол жеткізуге қосатын үлестерін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды белгілеп, жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. ДК бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

ДК бағалау Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларынан кешенді сараптама алу мақсатында жасалады және Қоғамның Директорлар кеңесіне:

- Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің мықты және әлсіз жақтарын (басымдықтары мен кемшіліктерін) талдауға және анықтауға;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысына және қызметінің мақсатты бағыттарына түзетулер енгізуге;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қоғамның стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты жәрдемдесетінін анықтауға;
- Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмыстағы тиімділігін анықтауға;
- Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтауға;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің оқу қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту ДК бағалауының әдістері болып табылады. Бұл ретте, бағалау үш жылда бір реттен кем емес тәуелсіз кәсіби ұйымның қатысуымен жүргізіледі.

2017 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өз күштерімен, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында сауалнама жүргізу әдісімен қосымша ресурстарды (тәуелсіз кәсіби ұйымды) тартусыз жүзеге асырылды.

ДК бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары қабылданды, 2017 жылы Директорлар кеңесі бар күшін жұмылдыруы тиіс бірнеше басты бағыттар айқындалды.

1. Тәуекел-менеджментін күшейту;
2. Корпоративтік басқару;
3. Кадрлар;
4. Басқарманы мотивациялау;
5. Ақпараттық технологиялар.

Директорлар кеңесінің қызмет тиімділігін тәуелсіз бағалаудың тұрақты практикасы Қоғамның корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері қағидаттарына берілгендігінің бір көрінісі, осыған байланысты Қоғамда 2018 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы қызметін бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды – IFC (International Finance Corporation, Дүниежүзілік банк тобының мүшесі), Қазақстан Республикасындағы корпоративтік басқару бойынша Халықаралық қаржы корпорациясын (Алматы) тарта отырып жүргізілді.

ДК бағалау нәтижелері бойынша, Директорлар кеңесімен IFC нұсқауына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту/біліктілігін арттыру тиімді жүйесін құру бойынша шаралар қабылданды.

Одан басқа, Қоғам IFC нұсқауларын орындау бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп, бұл Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы қызметін бағалау туралы есепте келтірілді.

ДК бағалау мақсаты Директорлар кеңесінің қызметі туралы объективті ақпарат алу, Директорлар кеңесінің жұмысына Директорлар кеңесінің қосатын жеке үлесіне сараптама жасау, Директорлар кеңесі жұмысын одан әрі дамыту тәжірибесінің бағыттарын анықтау болды. Бағалау әдістемесі корпоративтік басқару мәселелері бойынша үздік халықаралық тәжірибе негізінде жасалды.

ДК бағалау міндеттеріне мыналар енеді:

- Директорлар кеңесінің, Комитеттер мен Корпоративтік хатшының қызметтері туралы объективті ақпарат алу;
- Директорлар кеңесінің, Комитеттер мен Корпоративтік хатшының мықты және әлсіз жақтарын, сондай-ақ олардың жұмысының жоспарлары мен әдістерін жетілдіру бағыттарын бағалау.
- Директорлар кеңесінің, Комитеттер мен Корпоративтік хатшы қызметтерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

10. БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Есеп беріліп отырған кезеңде Қоғамның атқарушы органы 59 бетпе-бет отырыстарын өткізді, онда 241 мәселе қаралып, 51 құжат бекітілді.

Қоғам Басқармасының 2017 жылғы бетпе-бет отырыстарына оның мүшелерінің қатысу статистикасы:

№	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Отырыстарға қатысуы	%
1.	Руслан Викторович Искаков	Басқарма төрағасы	59-дан 51	86,44
2.	Ердан Ерлаңұлы Бекхожин	Басқарма төрағасының орынбасары	59-дан 51	86,44
3.	Рауан Өмірбекұлы Жақсыбаев	Басқарма төрағасының орынбасары	59-дан 56	94,92
4.	Қуат Төлегенұлы Жолдыбеков	Басқарма төрағасының орынбасары	59-дан 47	79,67

11. БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі принциптері Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жыл бойғы жұмысының қорытындысы бойынша басқарушы қызметкерлерге сыйақы беру ережесінде көрсетіліп реттеледі.

Негізгі принциптері:

- Қоғам мен акционер мүдделеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен сыйақы беру арасындағы өзара байланыс;
- Сыйақы көлемін анықтаудың қарапайымдылығы және айқындылығы;
- Сыйақы көлемінің қызмет нәтижелеріне байланысты болуы.

Қоғамның тәуелсіз директорларды қоса алғанда Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы беру тәртібі, көлемі және төлеу шарттары, шығыстарды өтеу мен сыйлықақы беру Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.


Сыйақы мемлекеттік қызметші және Қоғамның

Жалғыз акционерінің қызметкері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

Сәйкесінше, сыйақы тек Директорлар кеңесінің мүшелеріне – Қоғамның тәуелсіз директорларына ғана төленеді, Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

Қоғам «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқармасының 2014 жылғы 4 сәуірдегі (№09/14 хаттама) шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларының сыйақы төлемдерін іріктеу, төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын басшылыққа алады.

Қағиданың басты мақсаты корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесінің жұмысына барынша білікті мамандарды тарту және ұстап қалу арқылы «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету болып табылады.



12. ІШКІ БАҚЫЛАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғам қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады және ол қаржылық тұрақтылық пен беделіне теріс әсер етуі мүмкін барлық тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеуге, сондай-ақ олардың дәрежесін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес тәуекелдер бойынша реттеу есептілігі енгізілді, онда Басқарма және Қоғамның Директорлар кеңесі мерзімді түрде тәуекелдер картасы мен тәуекелдер есептілігін қоса алғанда, тәуекелдер бойынша ахуал туралы ақпарат алады. Қажеттілігіне қарай Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдердегі айтарлықтай өзгерістер туралы мәліметтер беріледі.

Қоғам тұрақты түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі Басқарма агенттігінің «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпан-

дағы №4 Қаулысына сәйкес тәуекелдер бойынша есеп береді.

Қоғамда Қоғам Басқармасы жанында құрылған Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару қызметін жақсартуға және Қоғамның корпоративтік басқару рейтингісін арттыруға әсер ететін тәуекелдерді басқару саласын регламенттейтін құжаттар әзірленді.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есеп беріліп отырған кезеңде Қоғамның Тәуекелдерді басқару департаменті құрылымдық бөлімшелермен біріге отырып Қоғамның тәуекелдерін кешенді сәйкестендіру және бағалауын жүргізді. Бұл жұмыстың қорытындысы бойынша тәуекелдердің жаңа тіркелімі, тәуекелдер мен қадағалаудың матрицасы, тәуекелдер картасы мен 2018 жылға арналған орындалу мерзімдері мен жауапты тұлғалардың бекітілуімен жоғары және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды.

Қоғамның Тәуекелдер тіркеліміне сәйкес, 2017 жылдың аяғына 49 тәуекелдер сәйкестендіріліп, оның ішінде 3 тәуекел сын-қатер аумағында тұр, 36 – жоғары басымдыққа ие, 10 – басымдығы жағынан үшінші тұр. Өзекті тәуекелдер туралы ақпарат төменде көрсетілген:

Өзекті тәуекелдер
Өзекті тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар

Қаржы-экономикалық негіздеме бойынша жоспардың орындалмау тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> • Экспортты іске асыратын отандық кәсіпорындар бойынша деректер базасын кеңейту; • Клиенттермен, ықтимал шетелдік көрсеткіштері бар шетел банктерімен кездесулер, белсенді PR-іс-шаралар (тұрақты түрде); • Негізгі қызмет бойынша ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру (тұрақты түрде).
Кірістердің түсімі бойынша (сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын беру) жоспарлы көрсеткіштердің орындалмау тәуекелі)	<ul style="list-style-type: none"> • Экспортты іске асыратын отандық кәсіпорындар бойынша деректер базасын кеңейту; • Қайта сақтандыру бойынша түсіп отырған сауалдарға жылдам жауап қайтару (тұрақты түрде).
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ерте әрекет ету шараларын, ықпал етудің шектеулі шараларын (комплаенс-тәуекел) немесе санкцияларды қолдану тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> • Қолданыстағы заңнама, оның ішінде сақтандыру қызметін реттейтін нормаларының сақталуына тиісті ішкі бақылау жүргізу (тұрақты түрде).
Валюта тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> • Валюталық позицияны тұрақты қадағалау; • Валюта бағамдарының өзгеруіне сезімталдық/ Стресс-тестілеуді өткізу (тоқсан сайын); • Валюталық позицияға лимиттерді сақтау мониторингі (ай сайын).
Кредиттік тәуекел – екінші деңгейлі банктердегі қаржы қаражатын дефолт салдарынан жоғалту тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> • Қаржы ұйымдарының – Қоғам контрагенттерінің қаржылық жағдайын қадағалау және мониторингілеу (тоқсан сайын); • Қаражатты тек қана Қоғамның қаржы активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі Регламент талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейлі банктерге салу (тұрақты түрде); • Қоғамдағы уақытша ерікті өтімділігінің лимиттері мен үлестіру үдерісінің мониторингісі (ай сайын); • Уақытша еркін қаржы қаражатының есептік мониторингісі (ай сайын).
Құжаттамалық аккредитивтерді сақтандырумен байланысты тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> • Сапалы алғашқы андеррайтинг, мониторинг жүргізу, эмитент-банктерге қойылатын талаптарды қатаңдату, құқық талаптарын басқаға беру және сот дауларының соттылығы құралдарын енгізу.
Қарыздарды сақтандырумен байланысты тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> • Сапалы алғашқы андеррайтинг, мониторинг жүргізу.
Бағалы қағаздар портфелінің құнсыздану тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттердің қаржылық ахуалына тұрақты мониторинг жүргізу; • Қазынашылық портфелін тиімді басқару; • Активтер мен пассивтерді басқару кеңесін қадағалау.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- сақтандыру кластары (түрлері) шегінде жекелеген сақтандыру шарттары бойынша Жауапкершілік лимиті (сақтандыру сомалары) бекітілді;
- сақтандыру кластары (түрлері) шегінде жекелеген қайта сақтандыру шарттары бойынша Жауапкершілік лимиті (сақтандыру сомалары) бекітілді;
- Төтенше жағдайлардың болу жағдайына және Қоғамның үздіксіз қызметін қамтамасыз етуі үшін Нұсқаулық бекітілді;
- Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер бекітілді.

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Қазіргі экономикалық шындық барысында Қоғам түрлі тәуекелдерге тап болады, сол себепті Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін ішкі аудит рөлінің маңыздылығы арта түсуде.

Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастырып іске асыруды Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) жүзеге асырады, функциялары жағынан Директорлар кеңесіне, әкімшілік жағынан Басқармаға есеп береді. ІАҚ қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

2017 жылы «KPMG» ЖШС ІАҚ жұмысының тиімділігі мен сапасына тәуелсіз бағалау жүргізді, нәтижесінде ІАҚ жұмысы Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келеді деп танылды.

ІАҚ қызметі Директорлар кеңесіне ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің жағдайы туралы объективті әрі тәуелсіз кепілдіктер және консультациялық қызметтер беруге бағытталған. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесімен тағайындалады.

Қоғамның Директорлар кеңесі ІАҚ-ның тәуекелдерге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарын және аудит жоспарын, ІАҚ қызметінің маңызды көрсеткіштері мен оның басшысын бекітті.

ІАҚ жұмысы туралы есеп тоқсан сайын Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

ІАҚ 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жоспарланып толық көлемде 13 аудиторлық тапсырма орындалды, оның ішінде корпоративтік басқару диагностикасы, ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жұмыстары жүзеге асырылды.

Корпоративтік басқару диагностикасы, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жү-

йесі Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 наурызда (№89 хаттама) бекітілген Корпоративтік басқару диагностикасы, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемелеріне сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген бағалаулардың нәтижесі бойынша корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне

сәйкестігі **80,1%**, ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің жал-

пы ұпайы **77,78%** және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігі

67,67% құрады.

ІАҚ тоқсан сайын ІАҚ және сыртқы аудиторлар ұсыныстарының орындалу мониторингін жүргізеді.

ІАҚ қызметкерлері жетілу мен біліктілігін арттыру мақсатында үнемі оқуға барып тұрады.

ІАҚ Директорлар кеңесіне өз функцияларын жүзеге асыру барысында қандай да бір тұлғалардың әсерінен тәуелсіз екенін дәлелдеді.

Директорлар кеңесі жыл сайын бекітілген маңызды көрсеткіштері негізінде ІАҚ мен оның басшыларының жұмыс тиімділігін бағалап отырады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ жұмысы «тиімді» деп бағаланды.



13. КАДР САЯСАТЫ

Адами капитал – бұл басты стратегиялық ресурс, оның сапасы Қоғам алдында тұрған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін аса маңызды.

Қоғамдағы адами капиталды басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша іске асырылады:

- адами ресурстарды басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыру;
- еңбек тиімділігін арттыру;
- адами капитал сапасын арттыру;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

Қоғамда адами капиталды нығайту мен дамыту бойынша жұмыс тұрақты жүргізіліп отырады. Еңбектену, мансаптық өсу, өзін-өзі жетілдіру, сондай-ақ қызметкерлердің материалдық және моральдық игілігі үшін ыңғайлы жағдай жасауға баса назар аударылады.

2017 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша персоналдың саны 51 штат бірлігін құрады (2016 жылы – 37 бірлік). 2017 жылдың қыркүйегінде Директорлар кеңесі жаңа ұйымдастырушылық құрылымды бекітті, оған сәйкес штат саны қосымша 14 бірлікке ұлғайды.

Штат санын ұлғайту бастамасы іске асырылып отырған бизнес-процестерді жетілдіру және қолдау шараларын іске асыратын өңірлік тұрғыдағы экспортқа бағдарланған кәсіпкерлік субъектілерін қамтуды арттыру мақсатында жасалып отыр. Ұйымдастырушылық құрылымды қайта қарау нәтижесінде функциялардың қайталануына жол берілген жоқ және құрылымдық бөлімшелер арасында мүдделер қақтығысының тәуекелі төмендетілді.

2017 жылдың қорытындысы бойынша кадрлар ағымының коэффициенті 7,32% құрады.

ПЕРСОНАЛДЫ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

Қоғамда лауазымдардың бос орындарына кандидаттардың конкурстық іріктелуі жүргізіледі. Персоналды іріктеу жүйесі кандидаттарды жұмысқа алу кезінде құқықтарының теңдігін сақтауға және құқықтарын шектеуді болдырмауға бағытталған.

Жаңа қызметкерлерге өндірістік ортаға тиімді сіңісіп кетуі үшін жәрдемдесу мақсатында жаңа қызметкерлердің бейімделу бағдарламасы жұмыс істейді.

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚИТУ МЕН ДАМУ

Қоғамда жаңа технологияларды енгізе отырып персоналды оқыту мен дамытудың тұрақты жүйесі жұмыс істейді. Кітаптардың электронды кітапханасына қолжетімділік қамтамасыз етілген, тілдік курстар ұйымдастырылған.

Халықаралық сақтандырушылар қауымдастығы Прага клубының Берн одағына мүшелігі аясында, сондай-ақ Ислам мемлекеттері мен Араб әлемінің ең ірі экспорттық-кредиттік агенттіктерінің қауымдастығы болып табылатын Aman Union халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктермен әлемнің үздік тәжірибелерімен алмасу мүмкіндігі ұсынылған.

2017 жылы Қоғам қызметкерлері қаржы ұйымдарын бағалау, рейтинглік модельдеу және қаржы институттары сараптамасы саласындағы өзекті тақырыптар бойынша халықаралық кәсіби дамуға қол жеткізді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Стратегиялық мақсаттардың құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің жеке мақсаттарымен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін Қоғамда Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді.

Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау жүйесінің жылдық циклі үш кезеңнен тұрады:

- 1) есеп беріліп отырған кезеңге тоқсандарға бөле отырып, жыл сайын мақсаттар қою;
- 2) мақсаттардың орындалуы бойынша тоқсан сайын бағалау жүргізу;
- 3) қызметке жылдық бағалау жүргізу.

Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау жүйесі 2017 жылы төмендегі нәтижелерге қолжеткізуге мүмкіндік берді:

- қызметкерлердің Қоғам Стратегиясына қосатын жеке үлесін және қол жеткізулері қажет нәтижелерді түсінуі;
- қызметтерінің жеке нәтижелерін өлшей білуі және қызметкерлердің кәсіби құзыреттігі деңгейін бағалай білуі;
- қызметкерлердің Қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес дамуы;
- жүзеге асырылатын функциялар аясында



үздіксіз қарым-қатынасты қамтамасыз ету және басшы мен қызметкер арасындағы кері байланыс мәдениетін дамыту;

- қызметкерлер жұмысының нәтижелерін сыйақы берумен байланыстылығын қамтамасыз ету.

2017 жылғы қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау қорытындысы бойынша лауазымын көтеру, лауазымдық жалақысының деңгейін өзгерту, кадрлық резервке алу сияқты басқарушылық шешімдер қабылданды, сондай-ақ қызметкерлерді оқыту мен кәсіби дамыту қажеттігі анықталды.

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ УӘЖДЕМЕСІ

Еңбекақы төлеудегі әділдікті қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда 2017 жылы «Нау Group» халықаралық консалтингілік компаниясының сыртқы кеңесшілерімен біріге отырып грейдерлеу жүйесі енгізілді. Грейдерлеу жүйесі әр лауазымның стратегиялық мақсатқа жетуде еңбекақының нарықтық деңгейін бағалауды есепке ала отырып, жұмысшылар жалақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін қамтамасыз ету үшін құндылығын анықтап, өлшеуді көздейді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Әлеуметтік саясат Қоғамның бәсекелік басымдылығы болып табылады, ол Қоғамның еңбек нарығындағы тартымдылығын арттырып, жоғары білікті қызметкерлерді тартуға және ұзақ уақытқа ұстап қалуға бағытталған. Қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі бағыттары оларға әлеуметтік қолдаудың түрлі шараларын: материалдық көмек көрсету, өтемақы төлемдерін беру және қызметкерлер мен олардың отбасыларының барлық мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру (ауырған жағдайда сақтандыру) ұсынуды қарастырады.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ ПЕН САБАҚТАСТЫҚ

Барынша қабілетті және өзін-өзі табысты танытуға мотивацияланған қызметкерлер арасынан перспективті кадрлық резерв дайындауды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бірыңғай кадрлық резерв жүйесі жұмыс істейді, оның аясында жыл сайын алдыңғы қатарлы қызметкерлерді кадрлық резервке қосу үшін іріктеу турлары өткізіліп тұрады.

14. ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 жылға арналған қаржылық есептілік «КПМГ Аудит» ЖШС халықаралық аудиторлық компаниясымен тексерілді.

«КПМГ Аудит» ЖШС пікірі бойынша қаржылық есептілік 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық ахуалын барлық маңызды аспектілер бойынша анық көрсетіп тұр, сондай-ақ оның қаржылық қорытындысы және осы датаға аяқталған жыл бойғы қаржы қаражатының қозғалысы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

	2017 ж. мың теңге	2016 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Қаржы қаражаты мен олардың баламасы	27,045,334	14,637,557
Банктердегі депозиттер	8,436,945	4,067,803
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	8,576,549	8,418,673
Сақтандыру мен қайта сақтандыру бойынша дебиторлық қарыз	956,700	762,143
Сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардың үлесі	834,419	531,232
Негізгі қаражаттар	46,593	15,612
Ағымдағы салықтық актив	216,116	256,135
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	6,361	3,596
Басқа да активтер	44,540	15,295
Активтердің барлығы	46,163,557	28,708,046
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	3,406,628	2,326,121
Сақтандыру мен қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	154,984	21,418
«Самұрық-Қазына» АҚ-дан алынған қарыз	276,573	336,588
Басқа да міндеттемелер	137,210	68,796
Міндеттемелердің барлығы	3,975,395	2,752,923
ЖЕКЕ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	37,100,000	23,200,000
«Самұрық-Қазына» АҚ-дан нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал		
«Самұрық-Қазына» АҚ	732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві	62,114	24,450
Болжанбаған тәуекелдер резерві	-	226,361
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв	1,849,217	2,083,916
Бөлінбеген пайда	6,142,446	3,855,409
Жеке капиталдың барлығы	42,188,162	25,955,123
Міндеттемелер мен жеке капиталдың барлығы	46,163,557	28,708,046

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	2017 ж. мың теңге	2016 ж. мың теңге
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто	1,905,462	1,112,935
Қайта сақтандырушыларға табысталған есептелген сақтандыру сыйлықақылары	571,988	270,888
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто	1,333,474	842,047
Еңбексіз сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгерістер, брутто	904,701	342,764
Еңбексіз сыйлықақылар бойынша резерв өзгерістеріндегі қайта сақтандырушылар үлесі, брутто	219,335	102,502
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары, нетто	648,108	601,785
Төленген кінәрат-талаптар	1,382,188	1,172,852
Кері қойылған талаптар бойынша өтемелер	1,242,081	-
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі өзгерістер, брутто	175,806	32,006
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгерістер	83,852	10,614
Төленген кінәрат-талаптар, нетто	232,061	1,215,472
Таза қаржылық кіріс	2,956,716	1,223,368
Шетел валютасы операцияларынан таза кіріс/шығыс	65,109	47,501
Таза комиссиялық шығыстар	408	325
Жалпы әкімшілік шығыстар	891,030	451,335
Басқа да операциялық кіріс/шығыс, нетто	16,373	2,414
Табыс салығын шегеруге дейінгі пайда	2,562,807	108,106
(шығыс)/табыс салығы бойынша үнемдеу	431,511	1,745
Жылдық пайда	2,131,296	109,851
Табыс салығын шығарғандағы басқа да жиынтық табыс <i>Реклассификацияланған немесе кейініректе пайда мен шығын құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар</i> <i>Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв:</i>		
- Әділ құнының таза өзгерісі	234,699	260,173
- Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнының таза өзгерісі	-	13,831
Табыс салығын шығарғандағы басқа да жылдық жиынтық табыс	234,698	274,004
Жалпы жылдық жиынтық кіріс/шығыс	2,365,995	164,153

ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

	2017 ж. мың теңге	2016 ж. мың теңге
Операциялық қызметтен болатын қаржы қаражатының қозғалысы		
Табыс салығын шығарғанға дейінгі пайда	2,562,807	108,106
<i>Түзетулер:</i>		
Қайта сақтандырушының үлесін шығарғандағы резервтегі өзгерістер	777,320	282,882
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер бойынша түскен кірістер	-	13,831
Дисконт пен сыйлықақының өтемпұлы	62,733	82,017
Тозу және өтемпұл	11,779	11,153
«Самұрық-Қазына» АҚ-дан алынған қарыз бойынша пайыздық шығыс	33,370	37,344
Төлем көзінен ұсталған салық	356,188	78,585
Пайыздық табыстар	2,696,631	1,250,312
Өткізілмеген бағамдық айырма	65,109	69,475
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметте (пайдаланылған) ақшалай қаражат ағыны	330,081	751,751
Операциялық активтердің ұлғайтылуы/кемуі		
Банктердегі депозиттер	4,176,690	223,704.
Сақтандыру мен қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	211,142	165,408
Басқа да активтер	32,451	19,407
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/кемуі		
Сақтандыру мен қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	133,566	6,441
Басқа да міндеттемелер	68,519	6,280
Операциялық қызметтен түсетін қаржы қаражатын алынған сыйақыдан және табыс салығын төлеуден бұрын таза пайдалану	3,888,117	956,173
Төленген табыс салығы	38,144	175,942
Алынған сыйақы	2,643,031	986,554
Төленген сыйақы	925	943
Қаржы қаражатын операциялық қызметте пайдалану	1,284,155	146,504
Инвестициялық қызметтен түсетін қаржы қаражатының қозғалысы		
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді сатудан түсетін түсімдер	-	73,654
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтерді сатып алу	39,590	9,261
Инвестициялық қызметтен (пайдаланылатын) ақшалай қаражат ағыны	39,590	64,393
Қаржы қызметінен түсетін қаржы қаражатының қозғалысы		
Акцияларды шығару	13,900,000	14,000,000
«Самұрық-Қазына» АҚ-дан алынған қарызды өтеу	92,460	93,403
Төленген дивидендтер	32,956	784,222
Қаржы қызметінен түсетін ақшалай қаражат ағыны	13,774,584	13,122,375

	2017 ж. мың теңге	2016 ж. мың теңге
Қаржы қаражатының және олардың баламасының таза көбеюі	12,450,839	13,041,207
Валюта бағамдары өзгерісінің қаржы қаражатының және олардың баламаларының көлеміне әсері	43,062	45,630
Қаржы қаражаты мен олардың баламалары жылдың басындағы жағдай бойынша	14,637,557	1,641,980
Қаржы қаражаты мен олардың баламалары жылдың аяғындағы жағдай бойынша	27,045,334	14,637,557

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге	Акция- нерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ-дан нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қа- рыз бойынша қосым- ша төленген капитал	Тұрақтан- дыру ре- зерві	Күтпеген тәуекелдер резерві	Сатуға қолда бар қаржы активтерін қайта баға- лау жөнін- дегі резерв	Бөлінбеген пайда	Жеке капи- талының барлығы
2016 жылғы 1 қаңтарға қалған қалдық	9,200,000	732,819	12,349	509,802	1,809,912	4,258,440	12,903,498
Жалпы жиынтық табыс							
Жылдық кіріс	-	-	-	-	-	109,851	109,851
Басқа жиынтық табыс							
<i>Реклассификацияланған немесе кейі- ніректе пайда немесе шығын құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар:</i>							
Әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	260,173	-	260,173
Пайда немесе шығын құрамына ауысты- рылған әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	13,831	-	13,831
Басқа да жиынтық табыстың барлығы	-	-	-	-	274,004	-	274,004
Жылдық жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	274,004	109,851	164,153
Тікелей жеке капитал құрамында көрсетілген жеке меншік иелерімен операциялар							
Акцияларды шығару	14,000,000	-	-	-	-	-	14,000,000
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	-	784,222	784,222
Күтпеген тәуекелдер резервіне аударым	-	-	12,101	-	-	12,101	-
Тұрақтандырма резервінен аударым	-	-	-	283,441	-	283,441	-
Жеке меншік иелерімен операциялардың барлығы	14,000,000	-	12,101	283,441	-	512,882	13,215,778
2016 жылғы 31 желтоқсанға қалған қалдық	23,200,000	732,819	24,450	226,361	2,083,916	3,855,409	25,955,123

мың теңге	Ақцио- нерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ-дан нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қа- рыз бойынша қосым- ша төленген капитал	Тұрақтан- дыру ре- зерві	Күтпеген тәуекелдер резерві	Сатуға қолда бар қаржы активтерін қайта баға- лау жөнін- дегі резерв	Бөлінбеген пайда	Жеке капи- талының барлығы
2017 жылғы 1 қаңтарға қалған қалдық	23,200,000	732,819	24,450	226,361	2,083,916	3,855,409	25,955,123
Жалпы жиынтық табыс							
Жылдық кіріс	-	-	-	-	-	2,131,296	2,131,296
Басқа жиынтық табыс							
<i>Реклассификацияланған немесе кейі- ніректе пайда немесе шығын құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар:</i>							
Әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	234,699	-	234,699
Басқа да жиынтық табыстың барлығы	-	-	-	-	234,699	-	234,699
Жылдық жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	234,699	2,131,296	2,365,995
Тікелей жеке капитал құрамында көрсетілген жеке меншік иелерімен операциялар							
Акцияларды шығару	13,900,000	-	-	-	-	-	13,900,000
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	-	32,956	32,956
Күтпеген тәуекелдер резервіне аударым	-	-	-	226,361	-	226,361	-
Тұрақтандыру резервінен аударым	-	-	37,664	-	-	37,664	-
Жеке меншік иелерімен операциялар- дың барлығы	13,900,000	-	37,664	226,361	-	155,741	13,867,044
2017 жылғы 31 желтоқсанға қалған қалдық	37,100,000	732,819	62,114	-	1,849,217	6,142,446	42,188,162



KazakhExport

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
«Мәңгілік Ел» даңғылы, 55 «А», «Бәйтерек» бизнес-орталығы, 11-қабат
Тел.: +7 (7172) 95-56-56

Алматы қ. өкілеттік:
«Достық» даңғылы, 180, «Көктем» бизнес-орталығы, 8-қабат
Тел.: +7 (727) 330-97-74, +7 (727) 250-00-21

E-mail: info@keg.kz
www.keg.kz